



ШЕШІМ

24.11.2021

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

№

110/15-VII

город Нур-Султан

**Нұр-Сұлтан қаласының Құрмет
грамотасымен наградтау туралы
ережені бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабы 1-тармағының 12-3) тармақшасына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 2-тармағына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Қоса беріліп отырган Нұр-Сұлтан қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже бекітілсін.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы**

Е. Каналимов

Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының
2021 жылғы 24 қарашадағы
№ 110/15-VII шешіміне
қосымша

**Нұр-Сұлтан қаласының
Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже**

1. Осы Ереже Нұр-Сұлтан қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 12-3) тармақшасына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 2-тармағына сәйкес өзірленді және Нұр-Сұлтан қаласының Құрмет грамотасымен (бұдан әрі – Құрмет грамотасы) наградтау тәртібін регламенттейді.

2. Құрмет грамотасы маңызды моральдық ынталандырудың бірі, қоғам мен мемлекет алдындағы қызметтік және азаматтық борышын лайықты орындағаны үшін қоғамдық танудың көрінісі болып табылады.

3. Құрмет грамотасымен қоғам мен Нұр-Сұлтан қаласы алдындағы қызметтік және азаматтық борышын лайықты орындағаны үшін Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар марапатталады.

4. Құрмет грамотасын Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі жанындағы Құрмет грамотасын тапсыру жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) шешімі бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қолдаухаттары негізінде Нұр-Сұлтан қаласының әкімі тапсырады.

5. Құрмет грамотасымен наградтау туралы қолдаухатқа еңбек ұжымдары, қоғамдық және діни бірлестіктер, шығармашылық одақтар, саяси партиялар, занды тұлғалар, өкілді және атқарушы органдар, қоғамдық мұдделерді білдіретін бастамашыл топтар бастамашы бола алады.

Құрмет грамотасымен наградтау туралы өз кандидатураларын ұсынған тұлғалардан келіп түскен өтініштер қаралмайды.

6. Комиссия құрамына жергілікті атқарушы органдың мұдделі құрылымдық бөлімшелерінің, оның ішінде білім беру, деңсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдары мен уәкілдегі органдарының өкілдері, құқық қорғау органдарының, қоғамдық бірлестіктердің қызметкерлері, Нұр-Сұлтан қаласы депутаттарының өкілдері кіреді.

Комиссия төрағадан, хатшыдан және комиссия мүшелерінен тұрады. Комиссияның жалпы құрамы жеті адамнан кем болмауы тиіс.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің әлеуметтік сала мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары төраға болып табылады.

7. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы қатысса, занды деп есептеледі.

8. Комиссия шешімі, егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып есептеледі.

9. Комиссияның шешімі ұсынымдық сипатта болады және оның барлық мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

10. Нұр-Сұлтан қаласының Құрмет грамотасымен наградтау мәселелері бойынша құжаттама жүргізуді және есепке алуды «Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Аппарат) жүзеге асырады.

11. Қолдаухатта негізгі өмірбаяндық деректер көрсетіледі, сондай-ақ жиналыстың хаттамасынан немесе шешімінен үзінді көшірме, осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген кандидаттың көлемі 3-тен 4 сантиметрге (2 дана) фотосурет қоса беріледі және Комиссияның қарауына:

1) тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, айы, жылы;

2) білімі туралы мәліметтер;

3) ұйымның жарғылық немесе құрылтай құжаттарына сәйкес толық атауы және қолдаухат берілген күнгі атқаратын лауазымының толық атауы көрсетіле отырып, жұмыс орны туралы мәліметтер;

4) еңбек қызметінің мәліметтері;

5) наградалары мен құрметті атақтары туралы мәліметтер;

6) заңсыз сотталған және кейіннен сот шешімі бойынша толық ақталған адамдарды қоспағанда, әкімшілік жазалағының және соттылықтың болмауы туралы мәліметтер ұсынылады.

12. Құрмет грамотасымен:

Құрмет грамотасына ұсыну сәтінде заңнамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар тұлғалар;

сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдар марапатталмайды.

13. Құрмет грамотасы:

1) тиісінше мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады және бланкіге басып шығарылады;

2) Нұр-Сұлтан қаласының әкімі қол қояды;

3) Нұр-Сұлтан қаласының әкімі немесе оның уәкілеттік беруі бойынша өзге лауазымды адам салтанатты жағдайда тапсырады.

14. Құрмет грамотасы жоғалған жағдайда телнұсқасы берілмейді.

15. Құрмет грамотасының бланклері мен оның жактаушаларын дайындау Аппаратпен қамтамасыз етіледі.